

Астана қаласында туризмді дамыту жөніндегі 2020 жылға дейінгі жол картасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 қарашадағы № 727 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласында туризмді дамыту жөніндегі 2020 жылға дейінгі жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілсін.

2. Жол картасын орындауға жауапты орталық мемлекеттік органдар, Астана қаласының әкімдігі, сондай-ақ мүдделі ұйым (келісім бойынша):

1) Жол картасының іс-шараларын тиісінше және уақтылы орындауды қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын, жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 5 қаңтарға және 5 шілдеге қарай Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі жыл сайын, 20 қаңтарға және 20 шілдеге қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 8 қарашадағы
№ 727 қаулысымен
бекітілген

Астана қаласында туризмді дамыту жөніндегі 2020 жылға дейінгі жол картасы

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Қажетті қаржыландыру көлемі мен көздері
1	2	3	4	5	6
1	Ұшулардың географиясын кеңейту және рейстердің санын көбейту мақсатында шет мемлекеттердің авиациялық биліктерімен меморандумдар мен хаттамаларға қол қою	меморандумдар мен хаттамалар	ИДМ	2017 – 2019 жылдар	т а л а п етілмейді
	Астана қаласы мен әлемнің ірі мегаполистері (Лондон, Токио, Шанхай, Нью-Йорк)				

2	арасындағы халықаралық рейстерді қамтамасыз ету	халықаралық рейстерді іске қосу	И Д М	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
3	Астана қаласының спорттық және мәдени объектілерін тиімді басқару үшін шетелдік компаниялар мен білікті халықаралық қызметкерлерді тарту бойынша ұсыныстар әзірлеу	МСМ-ге ұсыныс	Астана қаласының әкімдігі, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
4	Астана қаласында спорт және мәдениет объектілерін пайдалану тиімділігін арттыру және өзін-өзі ақтау мақсатында басқарушы компанияны құру жөніндегі мәселені пысықтау	МСМ-ге ұсыныс	Астана қаласының әкімдігі	2018 жылғы қаңтар	талап етілмейді
5	Астана қаласында денсаулық сақтау және жоғары білім беру объектілерін пайдалану тиімділігін арттыру және өзін-өзі ақтау жөнінде ұсыныстар әзірлеу	МСМ-ге ұсыныс	Астана қаласының әкімдігі, ДСМ, БҒМ, АШМ, ПМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы қаңтар	талап етілмейді
6	Астана қаласында Ұлттық ғарыш орталығының аумағында "Astana Cosmoland" қазақстандық тақырыптық паркін құруға арналған инвестицияларды тарту	инвестициялық келісім	Астана қаласының әкімдігі, ИДМ, ҚАӨМ, МСМ	2017 – 2019 жылдар	талап етілмейді
7	Астана қаласында республикалық және халықаралық спорт іс-шараларын өткізу жөніндегі жұмысты жандандыру	спорт іс-шараларын өткізу	МСМ, Астана қаласының әкімдігі	2018 – 2020 жылдар	036 "Жоғары жетістіктер спортын дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде (МСМ)
8	Астана қаласында ішкі туризмді (оқиғалық, қалалық, рекреациялық, этномәдени, танымдық демалыс пен медициналық туризм) дамытатын туристік фирмаларды қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу	МСМ-ге ұсыныс	МСМ, Астана қаласының әкімдігі, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы қаңтар	талап етілмейді
			МСМ, Астана		

9	"Туристерді орналастыру орындарын сыныптау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2008 жылғы 11 қарашадағы № 01-08/200 бұйрығына өзгерістер енгізу	МСМ бұйрығы	қаласының әкімдігі, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
10	Туристерге жеңілдіктер беру бойынша акциялар өткізу (авиабилеттердің, орналастыру орындарының, мейрамханалар мен дәмханалардағы ас мәзірінің бағасын төмендету, сондай-ақ кинотеатрлар, дүкендер мен басқа да бөлшек сауда кәсіпорындарының акцияларына қосылу)	туристерге жеңілдіктер беру бойынша жалпы мемлекеттік акцияларды ұйымдастыру	МСМ, Астана қаласының әкімдігі, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы маусым	талап етілмейді
11	Негізгі бәсекелестік артықшылықтар мен кемшіліктерді айқындау мақсатында Астана қаласы клиникаларының медициналық қызметтеріне маркетингтік талдау, оның ішінде шетел азаматтарына көрсетілетін медициналық қызметтерге талдау жүргізу	маркетингтік талдау	ДСМ, Астана қаласының әкімдігі, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2017 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
12	Астана қаласында WMTA аясында медициналық туризм жөнінде халықаралық конференция және медициналық туризмдегі кәсіби маман куәлігін алумен медициналық туризм бойынша оқыту курстарын өткізу мәселелерін пысықтау	МСМ-ге ұсыныс	ДСМ, Астана қаласының әкімдігі, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы маусым	талап етілмейді
13	Экскурсиялық және туристік автобустар үшін тұрақ орындарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу	МСМ-ге ұсыныс	Астана қаласының әкімдігі, МСМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 – 2019 жылдар	талап етілмейді
14	Еуропалық қалалардың және Алматы қаласының үлгісі бойынша қала тұрғындары мен туристердің тартылыс орындары ретінде жаяу серуендеу аймағын ұлғайту және саябақтар мен жағалауларды абаттандыру бойынша ұсыныстар енгізу	МСМ-ге ұсыныс	Астана қаласының әкімдігі, МСМ, ИДМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 – 2019 жылдар	талап етілмейді
15	Астана қаласында орналасқан республикалық мәдени объектілердің өз табысын 2018 жылдан бастап жыл сайын орта есеппен 2 % көбейту мәселесін пысықтау	МСМ-ге ұсыныс	Қаржымині, ҰЭМ	2018 – 2020 жылдар	талап етілмейді

16	"Барыс Арена" көп функциялы мұз сарайын "Astana" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы "Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына сенімгерлік басқаруға беру	сенімгерлік басқару шарты, "Барыс Арена" көп функционалды мұз сарайын қабылдап алу-беру актісі	Астана қаласының әкімдігі, МСМ	2017 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
17	"Қазақстан" спорт сарайын "Astana" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы "Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына сенімгерлік басқаруға беру	сенімгерлік басқару шарты, "Қазақстан" спорт сарайын алу-беру актісі	Астана қаласының әкімдігі, МСМ	2017 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
18	Шетелдік студенттерді Астана қаласының жоғары оқу орындарына оқуға тарту бойынша мәселені пысықтау	МСМ-ге ақпарат	БҒМ, СІМ, ДСМ, АШМ, ІІМ, Астана қаласының әкімдігі	2018 жылғы сәуір	талап етілмейді
19	Астана қаласының жоғары оқу орындарында екі дипломды білім беруді кеңейту	МСМ-ге ақпарат	БҒМ	жыл сайын	талап етілмейді
20	Астана қаласының жоғары оқу орындарында инновациялық құрылымдарды құру (технопарктер, зертханалар, бизнес-инкубаторлар) жөнінде ұсыныстар енгізу	МСМ-ге ұсыныс	БҒМ, "Атамекен" ҰКП келісім бойынша)	"2018 жылғы II тоқсан	талап етілмейді
21	Астана қаласының жоғары оқу орындарын коммерциялық емес білім беру ұйымдарына айналдыру бойынша мәселені пысықтау	МСМ-ге ұсыныс	БҒМ, ҰЭМ	2018 жылғы II тоқсан	талап етілмейді
22	Астана қаласындағы шетел азаматтарына медициналық қызмет көрсететін негізгі денсаулық сақтау ұйымдарының тізбесін қалыптастыру	МСМ-ге ақпарат	ДСМ, Астана қаласының әкімдігі, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы қаңтар	талап етілмейді
23	Медициналық туризм бойынша дүниежүзілік қауымдастықтармен ынтымақтастық орнату (Жаһандық денсаулық сақтау қауымдастығы, Дүниежүзілік гидротерапия мен климатотерапия федерациясы, Еуроазия курорттық қауымдастығы, Ресей Федерациясының Ұлттық курорттық қауымдастығы және басқа қауымдастықтар мен ұйымдар), денсаулық сақтау бойынша ірі халықаралық конференциялар мен көрмелерге қатысу	ынтымақтастық туралы меморандумдар, іс-шаралар жоспары	ДСМ, Астана қаласының әкімдігі, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 – 2020 жылдар	талап етілмейді
			ДСМ, Астана		

24	Медициналық туризм және импортты алмастыру бағыттары бойынша инновациялық медициналық технологияларды енгізу бойынша ұсыныстар енгізу	МСМ-ге ақпарат	қаласының әкімдігі, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы I тоқсан	талап етілмейді
----	---	----------------	--	---------------------	-----------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИДМ – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

ҚАӨМ – Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

"Атамекен" ҰКП – "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

WMTA – Дүниежүзілік медициналық туризм қауымдастығы